

Шымкент қалалық арнайы кітапханасында «Цифрлық кітапхана «Алматы кітап» планшеті және жасанды интеллект мүмкіндіктері» тақырыбында танымдық шара өтті.

Шара барысында қатысушылар «Алматы кітап» цифрлық кітапханасының планшет арқылы қолжетімді ресурстарымен танысып, жасанды интеллекттің оқу үдерісін жеңілдетудегі және кітапхана қызметін дамытудағы мүмкіндіктері туралы мағлұмат алды.

Цифрлық технологияларды тиімді пайдалану, оқырмандарға жаңа форматта қызмет көрсету және заманауи білімге қадам жасау – шараның басты мақсаты болды.

Мұндай кездесулер оқырмандардың цифрлық сауаттылығын арттырып, жаңа технологияларға деген қызығушылығын күшейтеді. Арнайы кітапхана ұжымы жасанды интеллекттің жаңаша мүмкіндіктерін ашып, көрсететін тамаша Планшет сыйға тарту еткен "Алматы кітап" баспасына Алғысымызды білдіреміз



